

Әбдәшім С.Н., Қазтұтынуодағы Қарағанды Университеті, Экономика, басқару және кәсіпкерлік факультеті, МО-22-1к тобының 1-курс студенті.
(Ғылыми жетекші- аға оқытушы Никамбекова А.Б)

ВЕНЕСУЭЛА МЕН БРАЗИЛИЯ АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Сыртқы саясат, мемлекеттер арасындағы байланыс күрделі мәселе болып саналады. Осындай күрделі де өзекті бағыт болып табылатын бұл сыртқы саясаттағы пікір қайшылығы, мәселелер шоғыры, мемлекеттер арасындағы қақтығыс қатпарланған тарихта бедерленіп қалды. Сондай тарихи маңызы бар оқиғалардың бірі ретінде Венесуэла мен Бразилия арасындағы мұнай үшін қақтығысты айтсақ болады.

Бұл екі мемлекет арасындағы қақтығыс мұнай үшін үлкен жанжалға, мемлекетаралық саяси шиеленіске ұласқан болатын. Алайда, бұл қақтығысқа дейін екі мемлекет арасында осы бағытта келісімшарттар болған. Соның бірі 2015 жылы болған еді. Осы жылы Венесуэла мен Бразилия президенттері – Уго Чавес пен Луис Инасиу Лула да Силва Каракаста энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған. Бұл келісімшарт мұнайды бірлесіп өндіруді және өндеуді көздейді.

Қол жеткізілген келісімдерге сәйкес, *petroleos de Venezuela* мемлекеттік мұнай-газ Корпорациясы мен Бразилияның *Petrobras* мұнай компаниясы күніне 200 мың баррель болатын пернамбукода (Бразилия) мұнай өңдеу зауытын салу үшін бірлескен кәсіпорын құруға келісті. Аталмыш зауыттың болжамды құны 4,4 млрд. құрайды. Венесуэла бұл үшін Ориноко өзенінің мұнай белдеуінде Венесуэла-Бразилия бірлескен компаниясы өндіретін тәулігіне 100 мың баррель көлемінде көмірсутек шикізатын жеткізуге міндеттенді. Мұнда 55 мың шаршы шақырым жерде алдын-ала болжам бойынша 235 миллиард баррель ауыр және аса ауыр мұнай жатыр. Оңтүстік Америка елдерінің энергетикалық интеграциясын дамытуды жақтайтын Чавес Бразилия Президентімен осы саладағы келіссөздердің нәтижелерін жоғары бағалады. Естеріңізге сала кетейік, Бразилияда 2019 жылдың қыркүйек айының басында жағалау сызығында мұнай дақтары пайда болады. Алдымен билік бұл мәселе аймақтық деп шешті, бірақ кейіннен ел өз тарихындағы ең үлкен мұнай төгілуімен айналысатыны белгілі болды. Алайда қазір Бразилия билігі Абралос Ұлттық саябағының жанындағы мұнай кен орындарын аукционға шығарғысы келеді. Бірақ, Бразилия үкіметі елдегі ең ірі Маржан РИФ жүйелерінің біріне жақын орналасқан 4 мұнай кен орнын аукционға қоя алмады. Бұған дейін 17 компания 2019 жылдың 10 қазанында бейсенбіде Бразилия мұнай агенттігі өткізген 36 мұнай-газ блогымен сауда-саттықтың 16-раундына қатысып, 2 миллиард АҚШ долларынан астам аумақтың 1/3 бөлігін сауда-саттыққа шығарды. Аукцион қазынаға 2,1 миллиард АҚШ долларын құрайды.

Міне, осындай мәселелерге негізделген мұнай мәселесінде Бразилия мен Венесуэла арасында қақтығыстар орын алған болатын. АҚШ пен Антарктида аралығында орналасқан Батыс жарты шардағы аудан Латын Америкасы деп аталады. Оған Мексика, Орталық Америка елдері, Вест – Индия және Оңтүстік Америка кіреді. Оңтүстік Америкада екі субауданды ажыратады: Анд елдері – Венесуэла, Колумбия, Эквадор, Перу, Боливия, Чили және Ла – Плата елдеріне, немесе атланттық елдерге – Аргентина, Уругвай, Парагвай, Бразилия кіреді. Қазіргі таңда Латын Америкасының 33 саяси дербес мемлекеттерінің 18-інде мемлекеттік тіл – испан тілі – 63%, Бразилияда – португал тілі – халықтың 34%, ал кішігірім 14 мемлекеттерде француз тілі мемлекеттік болса, біраз мемлекеттер ағылшын және голланд тілдері мемлекеттік деп танылды. [1].

Мұнай мәселесі өте өзекті болып саналады. Әсіресе бұл мәселе Бразилия мен Венесуэла арасындағы мұнай қақтығысына ұласқан еді. Бұл талай жылғы қордаланған мәселелердің негізгі түйінін тарқататын орталығы. Осы бір жағдай былтырғы жылы 100 шақты адам жараланған. Бұл туралы Гран-Сабана муниципалитетінің мэрі мәлімдеген еді. Қақтығысқа мұнай экспорттаушы елдер ұйымынан келген гуманитарлық көмек себеп болған. Әскерилер сол жәрдемді елге кіргізуді талап еткендердің жолын бөгеп, көзді жасаурататын газ бен қару қолданған болатын.

Ал ел президенті Николас Мадуро халықаралық көмектен үзілді-кесілді бас тартып, елдегі экономикалық дағдарысты жоққа шығарған еді. Бірақ оппозицияға сенсек, Венесуэла дүкендерінің сөрелері босап, үкімет тарапынан берілетін азық-түлікке ұзын-сонар кезек түзілген. Сондай-ақ, ауруханаларда дәрі-дәрмек пен қажетті жабдық жетіспей жатқан болатын. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әлемдік дағдарыс , екінші дүниежүзілік соғыс елдерді тұралатып тастаса, 50-ші жылдары экономикада оң өзгеріс болас бастады.

Латын Америкасы шетел капиталының енуіне байланысты жауап ретінде мемлекеттік секторды дамыта бастады. Алайда, мемлекеттердің дамуы біркелкі жүрмеді. Оңтүстік конус елдерінде құрылымдық дағдарыс басталып кетті. Аргентина өзінің ғасырлық көшбасшылығынан айырылса, орнына Бразилия мен Мексика күшейе бастады. Мұнда индустрия тез қарқын ала бастады. XX ғасырдың соңғы онжылдығында Бразилия жалпы ішкі өнімнің 1/3 бөлігін, ал Мексика 1/5 бөлігін құрады. Латын Америкасы өзінің күшін біріктіріп әлемде бірінші рет экономикалық интеграцияға ден қойды және бұл үрдіс қазір де бағынышты аумақтарда жүріп жатыр. 1960 жылы Латын Америкасы еркін сауда ассоциациясы (ЛАТС), 1980 жылы Латын Америкасы интеграция ассоциациясы (ЛАИ) болып қайта құрылды. Сондай-ақ, Орталық Американың ортақ нарық (ИОАР)-құрамында бес мемлекетпен, 1968 жылы еркін сауда ассоциациясы, кейіннен Кариб ортақ нарығы бассейнінің 12 мемлекеті мен тәуелді жерлерін біріктірді. 1969 жылы ЛАТС аясында АНД және Ла-Плата топтары 1978 жылы Амазонка бассейнінде орналасқан сегіз ел Амазония тобын құрды. Ал, 1986 жылы Ла-Плата тобының орнына Бразилия мен Аргентинаның арасындағы интеграцияға келісім түзілді. Бұларға Уругвай мен Парагвай қосылып, қазіргі ең үлкен және белсенді топ МЕРКОСУР құрылды. 1996 жылы Меркосурға Чили қосылды.

Ал, Солтүстік Американың еркін сауда ассоциациясы (НАФТА) құрылып, АҚШ өзінің нарығына Канада мен Мексиканы қосып қойды. Ендігі жерде жаңа ассоциацияның шекарасы солтүстікке жылжып, Колумбия мен Венесуэла және КАРИКОМ тобының барлық елдерін қосу жоспарлануда. Жоғарыда айтқандай, тау-кен өндірісі аймақ елдерінің экономикасына өте маңызды. Бірқатар елдерде шетелдік валютаның келуін көбейту мақсатында өнімнің экспортын кеңейту үшін белсенді түрде жұмыстар атқарылуда. Соңғы 15 жыл ішінде Бразилия мен Мексикада, өздерінің тұтынушылық қажеттіліктерін өтеу мақсатында шикізатты өндіріп жатса, алайда ауданның тау –кен өндірісінің 1/3 бөлігін алатын бірінші орындағы Венесуэланың үлесі азайып кетті. Қазіргі таңда тау - кен өндірісінің жартысынан астамы мұнай мен газ берсе, Латын Америкасының 13 мемлекетінде өндіріледі, соның ішінде, Венесуэлада мұнайдың 90%, және барлаудың 70%, газ өндіру бойынша да Венесуэла көшбасшылардың қатарында.

Мұнай мен газ өндіруге қарағанда, көмір өндіру саласы нашар дамыған. Тас көмірі -35 млн. тоннаға жуық Бразилия, Чили, Колумбия, Мексика, Аргентина үлесіне кіреді. «Мұнай дағдарысы» көмір өндіруде сұранысты арттырды, сондай-ақ, уран өндірісі де Бразилия мемлекетінде дамып келеді. Сондай-ақ, қара металлургияның ірі кәсіпорындары да осы Венесуэла мен Бразилия, Мексика, Аргентинада орналасқан. Мемлекет тарапынан қолға алғанымен, көп ұзамай шетел капиталы ене бастады: әсіресе, Бразилияда АҚШ, ГФР, Жапония, Бельгия, Люксембург болат қортыу бойынша Бразилияда -12 млн. тоннаны құраса, 3,5 млн. тнна – Венесуэла үлесінде» [3, 144].

Осыған қарамастан, Бразилия машина және ұшақ жасаудан алғашқы ондыққа кірсе, дәлірек, машина жасаудан әлемде 9 орында тұр. Венесуэлада темір және автомобиль және құбыр жолдарының маңызы зор. Құбыр жолы ішкі жүк айналымының $\frac{3}{4}$ - ін құрайды. Венесуэла мен Бразилия арасындағы шекараларды делимитациялау 1859 жылы лимиттер мен юливиалды навигация туралы келісімнен басталды, онда Бразилия өзен бассейндеріндегі мүмкін құқықтарынан Венесуэланың пайдасына бас тартады. Венесуэла мен Бразилия арасындағы шекараның ұзақтығы -2850 км құрайды. 2014 жылғы мұнай бағасының күрт түсіп кетуі, венесуэлік бюджетке орасан зор шығын әкелді. 2017 жылы елде кішкен болса да тұрақтылық бола бастағаны байқалды, бұл да болса АҚШ-тың Венесуэланы мұнай өндірудегі шикізат көзін өндіру көзі деп тауып, қолдау беруі арқылы жүзеге асты. 2018 жылдың басынан Венесуэла барлық сыртқы саясатта бейтараптық таныта отырып, терең оқшаулауға кетудің себебі ішкі тұрақсыздық еді.

Алайда, Венесуэла мемлекеті гиперинфляцияның зардабын шеге бастайды, себебі, бұл кезде инфляция оппозициялық Халық ассамблеясының есебі бойынша 1700000% құрады, ал 2018 жылы 1370000% құрады. Тұтыну тауарлары мен азық – түлік тапшылығы шектен шыға бастады. Осындай ахуалдың басты себебі – президент Мадуро мен Ұлттық ассамблеяның 2015 жылдан бері көпшілік дауыс жинай отырып, президент Мадуроның қызметін асыра пайдалануына шектеу қойып бастағаны еді. 2017 жылы Венесуэла мемлекетіндегі конституциялық дағдарыс нәтижесінде, президент Мадуро 1999 жылғы Конституцияны өзгерту нәтижесінде Конституциялық ассамблея шақыру арқылы Ұлттық ассамблеяның күшін әлсіретуді көздеді.

2017 жылы қараша айынан Евроодақ мемлекеттерінің сыртқы істер министрліктерінің шешімімен Венесуэлаға қару-жарақ, техникалар мен құрал-жабдықтар жіберуге эмбарго (тыйым) салды. Сондай-ақ, Америка және Еуропаның 40 тан астам мемлекеттері Мадуроның президент

ретінде бірінші мерзімі аяқталған соң, оны президент ретінде мойындамайтындарын, Венесуэлада тек Ұлттық ассамблеяның құқығы заңды екендірін мойындайтындарын хабарлады.

2018 жылы Венесуэлада кезектен тыс президент сайлауы өтіп, бұл сайлауда 68% дауыс жинау арқылы Николас Мадуро қайта сайланды. Батыстың бірнеше мемлекеттері Мадуроны президент ретінде қабылдамайтындарын ескерте отырып, өздерінің елшілерін Каракастан қайтарып алса, Ресей, Қытай, Мексика сынды мемлекеттер оны қошеметтеді. 2019 жылы 10 қаңтарда Николас Мадуроның ұлықтау рәсімінен кейін, Ұлттық ассамблея спикері Хуан Гуайдо мемлекетте төтенше жағдай хабарлап, ұлттық ассамблеяның ел билігін өз қолдарына алатынын жариялады. Мемлекеттер екі блокқа бөлініп, бірі – Мадуроны, екінші жағы – Гуайдоны қолдады. Мадуроны Қытай, Мексика, Түркия жақтаса, Гуайдоны Израиль, Австралия, Австрия, Ұлыбритания, Германия, Дания, Испания, Латвия, Португалия, Франция, Швеция, Нидерланды қолдады. «2019 жылдың күзіне қарай Николас Мадуроға қарсы саяси қарсылықтар біршама бәсеңдей бастады. Венесуэланың ішкі дағдарыс жағдайында көршілес жатқан Колумбия мен Бразилия мемлекеттерінің басшылары өздерін агрессивті ұстай бастады, әсіресе, Бразилия президенті Ж.Болсонар өзінің көршілес мемлекеттің «екінші Куба» болуын қаламайтынын баса айтты» [4, 58]. Мәселен, XX ғасырдың соңында, Венесуэла мен Бразилия мемлекеттері арасында тығыз қарым-қатынас орнай бастаса, 2005 жылдан бастап стратегиялық серіктестік, 2007 жылдан бері екі ел президенттерінің тұрақты түрде кездесулері мен 2012 жылы Венесуэла Меркосур тобына қосылды. Өз ойымызды айта кететін болсақ Венесуэла мен Бразилия елдерінің саяси экономика үшін тудырып жатқан мәселелер мен қақтығыстарды бейбіт түрде келісіммен шешілсе дұрыс болар еді деп санаймыз. Себебі; Соғыс отын тұтандырса екі елге де пайда болмайды. Халқы мен экономикасы қатты зардап шегеді сонымен қатар көршілес елдерге де зияны тиіп кетеді. Біздің ұсынарымыз Венесуэла мен Бразилия елдері бірлесе отырып жұмыс жасап, экономикасымен алмасса ұтымдырақ болады.

Қорыта келе, айтарымыз, Венесуэла мен Бразилия арасындағы бензин бағасының айырмашылығы, екі елдің валюталарының айырбастаудағы сәйкессіздігі бензин контрабандасының қолайлы шарттары болғанымен, географиялық жағдайлар онша емес. Қанша уақыт екі ел арасындағы шекарада заңсыз экономикалық қызмет атқарылып келсе, Венесуэладағы ішкі саяси тұрақсыздықта көршілері шекараны жабуына тура келді. Қазіргі таңда, Венесуэладағы жағдай біршама тұрақталып, Мадуроның билігіне ешқандай қауіп төнбегеімен, Венесуэла, өзінің Мексика бұғазына шыға алмаған уақытында, яғни санкциялар салынуына байланысты, орнына өзінің мұнайын жеткізіп отырған алып мемлекет Ресейдің көмегін алды және Ресей басшылығы Николас Мадуроны қолдап келген. Қазіргі күні Ресей мен Украина мемлекеттері арасында соғыс оты тұтанып, Ресейге АҚШ тарапынан санкциялар салынғанда, Венесуэла мемлекетінің оппозициясы АҚШ –тың көмегіне жүгінуге, сондай – ақ, осы саяси кезеңде өздерінің мұнайын экспорттау арқылы экономикасын тіктеп алуға билікті шақыруда. Венесуэла АҚШ –тың ұсынысын қабылдауы тиіс, сондай – ақ, АҚШ тарапынан экономикалық, саяси тұрақтылыққа көмек берілетіні, ол үшін Н.Мадуроның 2024 жылы сайлауың әділ өтуіне кепіл болуы талап етілуде. Жалпы, 2020 жылы Венесуэлада инфляция 2200% құраса, елден 28 млн халықтың 6 млн көршілес Бразилия мен Колумбияны паналап кетті, бұл халықтың 20% құрады. Әлемнің ең мұнайлы елдерінің бірі – Венесуэладағы 2017 жылдан бері жалғасып келе жатқан, экономикалық, конституциялық, сондай – ақ ішкі саяси дағдарыстар көршілес жатқан Бразилия, Колумбия мемлекеттерімен қарым – қатынастарын құлдыратқаны анық және билік дұрыс шешім қабылдап, саясатты өзгертуі немесе биліктен кету керек екенін түсініп жетуі шарт және бұл жөнінде Бразилия президенті Болсонар да айтып өтті. Венесуэладағы жағдайға оппозиция емес, сол қазіргі орнаған режимнің кінәлі екенін мемлекеттер біліп те, саралап та отыр, демек, айтарым Венесуэладағы социалистік режим кезіндегі КСРО сияқты құлар шағына келгені.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Венесуэладағы дағдарыстың сыры неде?; 2017ж 17 шілде, <https://egemen.kz>
2. Колумбия мен Венесуэла арасындағы шекара 2017ж 8 ақпан;
3. Пономарев М.В., История стран Европы и Америки в новейшее время М: Проспект -2010 г;
4. Балсарин Ф.М., Всемирная история в датах и цифрах. Кокшетау «Келешек – 2030», 2007г;
5. Григорьева М Новая история стран Европы и Америки М:2001г;